

ЖАҚСЫНЫҢ ЖАҚСЫЛЫҒЫН КӨРГЕН ЕДІК

*Балам деген жұрт болмаса,
Жұртым дейтін бала қайдан шықсын.*
А.Байтұрсынов

Бейсенбекова Н.А.,
«Тұлғатану» ғылыми-зерттеу орталығының директоры т.ғ.к., доцент;
Жауымбай С.У., т.ғ.к., профессор
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

Көрнекті ғалым, академик Е.А.Бөкетов басқарған Қарағанды Мемлекеттік университетінде біз бұдан 40 жыл бұрын ҚазССР білім министрлігінің жолдамасымен жас маман ретінде келдік. Е.А.Бөкетовтың біздің жанұямызға жасаған ағалық қамқорлығы жайлы естелігімді жазуды ол кісіге деген ризашылығым, парызым деп ойлаймын. Орталық Қазақстанда (1972 жылы) жаңадан ашылған, Республикадағы екінші университетке маман ретінде келу, үлкен бақыт әрі мол жауапкершілік екенін біз терең түсіндік. Өйткені сол уақытта Евней Арыстанұлының есімі ғылымда, әдебиетте кеңінен танымал болған еді. Атақты академиктің есімінің өзі сол кездегі жастар үшін бір биік белес болып саналатын. Сол ұлы адамның қол астында қызмет жасау, онымен тілдесіп сөйлесу, тіпті оны сыртынан көріп қалу біздер үшін керемет қуаныш, мақтаныш еді.

Е.А.Бөкетов өзінің «Грани творчества» деген еңбегінде университетке келген жас мамандардың педагог, ғалым ретінде қалыптасып ғылымға талпынған қадамдарын, ұсыныстарын қолдап отырғандығы байқалады. Осы еңбегінде жас ғалым-педагогтардың атқарып жатқан еңбектері туралы жазып, көрсеткен. Соны жазу барысында олардың өмірінде өзінің үлкен рөл атқарғандығын айтпайды. Бірақта оның ағалық, әкелік және ұлттық ғылымға деген қамқорлығын көрген біздер оны түсіндік деп ойлаймыз.

Евней Арыстанұлының мемуарлық шығармаларында ұлы ойшылдардың, атақты ғалымдардың еңбектерінен үзінділер, қанатты сөздері жиі кездеседі. Сол арқылы автор өз елінің өткен тарихына, мәдениетіне құрметпен қарап, болашағын болжаған басқа ұлт өкілдерінің біздің тарихымыздағы ролін көрсетеді. Осыны оқыған бүгінгі жастар, тіпті үлкен ел ағаларыда бір мезгіл ел тарихы, ұлттық мүдде, қазақ халқының болашағы туралы ойланбауы мүмкін емес.

Евней Арыстанұлы өз еңбегінде былай дейді: «ұлттың ғылыми жұмысы - ұлт мүддесін ойлайтын үкіметтік биліктің қолдауымен іске асады. Сол қолдауды түсініп барлық ақыл-ой, іс-әрекетін жұмсайтын жекеленген ғалымдар, ғылыми ұйымдар ғылымды алға жетелейді. Егер екеуі саналы түрде бірлесіп, барлық күшті біріктірсе қазіргі мемлекеттің гүлденуін тездетеді» [Грани творчества]. Осы ойларының бүгінгі біздің еліміздің ғылымын дамытуда өзекті екені анық. Бүгінде ел қамын ойлайтын Елбасы жаңа технологияларды дамыту, ғылымның барлық саласын өркендету және нағыз ғалымдардың ашқан жаңалықтарын қолдау үшін барлық мүмкіндіктерді жасауда.

Егер ХХ ғасырдың 70 - 80 жылдары қазақ халқының болашағын ойлап, атақты ғалымдарын алаламай бәріне бірдей қамқорлық жасалғанда Е.А.Бөкетов ұлттық химия ғылымына ғана емес, әлемдік химия өндірісінің дамуына да үлкен үлес қосары сөзсіз еді. Оның химия ғылымындағы айтқан ойлары бүгінде осы салада жаңа технологияның жобасы ретінде ғалымдар арасында талқылануда. Бірақта оның ғылымдағы болашағына балта шабылды. Сол қудалаудың бастауына арналған, газет мақаласын («Ленинская смена» 1979 жыл, 19 мамыр) Гоголь көшесіндегі университет ғимаратының 1 қабатында хабарландыру тақтасында ілініп тұрғанын ең бірінші рет таңғы сегізде сабаққа келген мен көрдім. Газет мақаласының тақырыбын оқып мен қатты шошып кеттім. Жан-жағыма қараймын ешкім көрінбейді. Газетті дереу тақтадан жұлып алып, 2 қабаттағы кафедраға келдім де мақаланы оқыдым. Мақаланы оқып шығып, бұрынғыдан да бетер қорқып аяқ-қолым дірілдеп кетті.

Мен үшін Е.А.Бөкетов биік қамал, қамқоршы үлкен жүректі адам. Ал газет мақаласы оны біз сияқты жастардың алдында одақ көлемінде (газет сол кезде жарты миллион тиражбен шығып, жастардың сүйіп оқитын газеттерінің бірі болатын) оның беделіне нұқсан келтіріп, қорлап арына, намысына тиетін сөздерге толы болды. Мақалада Евней Арыстанұлының шығармалары түкке тұрғысыз өзін өтірікші, мақтаншақ Хлестаковпен теңестіреді (Н.В.Гоголь «Ревизор»). Мен тарих факультетінің сол кездегі деканы Қ.Ж.Жуасовтың келуін асыға күтіп, терезеден далаға қарай бердім. Сол күнгі сағат тілі мен үшін жүрмей қалғандай әсер берді. Ал Қ.Ж.Жуасовтың жұмысқа дәл тоғызда

келетіні тәртіпке айналған. Сонымен, белгілі уақытта келген деканға мен газетті бердім. Ол кісі газеттің тақырыбын оқи сала, өзіме дүрсе қоя берді. «Мұны қайдан алдың, кім берді?». Мен жылап жібердім, жылап тұрып, ол газетті бірінші қабаттағы хабарландыру тақтасында ілініп тұрған жерінен алғанымды айттым. Ол кісі неге екенін білмеймін, маған тағыда дауысын көтеріп, «жүр көрсет, қайдан алдың?» - деп орнынан тұрып астыңғы қабатқа мені ерте жөнелді. Екеуіміз әлгі хабарландыру ілетін тақта жанына келсек, тағы сол газет ілініп тұр екен. Қ.Ж.Жуасов маған мына газетті ал деп бұйырды. Мен газетті алып, оның қолына бергенімде ол кісі, маған «сен бұл туралы ешкімге айтпа» деп ескертті. Сол күні деканның кабинетінде факультет басшылары көп сөйлесті, содан кейін бәрі Е.А.Бөкетовтың кабинетіне кетті.

Одан ары қарай университетте гу-гу әңгіме тарап, біреулер күліп, біреулер ренжіп жылап жүрді. Алматыдан үлкен комиссия келіп университетті тексеру басталып кетті. Бұл оқиғаға мен қатты ренжіп, қайғырып жүрдім. Себебі, жас маман ретінде тарих факультетінде маған 62 сом жалақы төленетін препаратор (ең төменгі сатыдағы жұмыс екендігін ол кезде мен оны түсінгенде жоқпын) жұмысын берген. Ол жұмыста жүріп, ең болмаса жарты сағаттық жүктемемен де сабақ беруге болмайды екен.

Сондықтан, мен аға лаборант болып жарты сағаттық жүктемемен сабақ беруді армандап жүрдім. Бірақта факультеттегі мен жұмыс істейтін кафедраның басшысы (Ф.Н.Б.) мені бұл штатқа көтергісі келмеді. Менің сұрағыма, ондай штат бізде жоқ деп жауап берумен шектелетін. Кафедра мені жыл сайын университетке түсетін талапкерлердің құжаттарын қабылдайтын комиссия мүшелігіне жіберіп отырды. Құжаттар қабылдау комиссиясы сол кездегі университеттің бас ғимараты Гоголь 38-дің спорт залында орналасқан. Сол ғимараттың екінші қабатында ректордың кабинеті бар еді. Сол кабинетке Е.А.Бөкетовтың алдына мен бір жазда үш рет барған едім. Ол мені қарапайым лаборанттықтан мұғалім болып педагогикалық қызметке алғызды. Сонымен қатар, барлық жас мамандарға баспана берілген кезде, бізге баспана бөлгізбеген жауапты адамдардың іс-әрекеттерін айтып Е.А.Бөкетовке бардым. Ректор әлгі баспана бөлумен айналысатын проректорлардың бірін шақырып, «бұл не деген бассыздық, мына мұғалім – жас мамандардың қатарына жатпай ма? Неге бұл жанұяға пәтер бөлінбейді?» - деп қатты ашуланды. Ақырында бізге де Гоголь көшесіндегі 51 үйден екі бөлмелі пәтер бергізді.

Академик Е.А.Бөкетовтың біздің жанұяға жасаған жақсылығын айту біздің парызымыз. 1975 жылы Солтүстік Қазақстан облысының Алыпқаш деген жерде Қарағанды Мемлекеттік Университетінің тарих факультеті студенттері археологиялық қазба жұмыстарын жүргізу үшін экспедицияға баратын. Ол экспедицияны археолог - мұғалім Г.Б.Зданович басқаратын. Сол экспедиция құрамында жас маман ретінде Сағындық жіберілген. Сол жерге Е.А.Бөкетов екі баласымен және доцент А.И.Перевертунмен бірге экспедиция барысын көруге келіп, студенттерге сыйлықтар әкеліп берді, оған студенттерді кереметтей қуанып, Е.А.Бөкетовке сұрақтар қойып мәре – сәре болып қалады. Сол сапарында ол Сағындыққа мына жерде менің ата бабам туыстарым жерленген, бұл жердің үлкен тарихы бар, атауының өзі XVIII ғасырда өмір сүрген. Алыпқаш батырдың есіміне байланысты қойылған деп айтып, Алыпқаш батырдан тараған ұрпақтар туралы біраз шежіре – әңгіме айтып береді. Өзінің әулетінің тарихы ғана емес, қазақ халқының Абылай заманындағы тарихынан да сыр шертеді. Ол кісі Сағындықты өзінің әке-шешесі жатқан зиратқа ертіп апарып көрсетеді. Екі баласымен сол күні лагерьде қонып, ертеңінде зираттың ірге тасы мүжілген жерін дұрыстайды. Лагерьден кетерде ол кісі, Сағындықтан «қай жердің жігітісің» деп сұрайды. «Мен Ақтөбеденмін» деген жауабына «Ой, сен Ишанбай Қарақұловтың інісі екенсің ғой» деп, көңілденіп кетті де, «сен білесіңбе ол ағаң түйенің қомында туған ғой. Сондықтан да болар біздің ғылым академиясында таудай атағы бар және ғылымда түйенің жүгін арқалап еңбек жасап жүрген алыптың бірі ғой» дейді. «Ол туралы менің жазған кітабымды оқы, сен бала мына археологтың артынан жүре берме, экспедиция аяқталған соң, маған кел» деп, экспедиция мүшелерімен қоштасып, жүріп кетеді. «Мен бір түрлі қанаттанып, мақтанғандай лагерь басшысына қарай бердім», деп еске алады бүгінде профессор С.У.Жауымбев.

Экспедицияны ойдағыдай аяқтап Қарағандыға келгенде, университетте археология мамандығы бойынша аспирантураға ғылым Академиясынан сұраныс келгенін біледі. Бірақта, тарих факультетінің ҚазақССР тарихы сол кездегі кафедра меңгерушісі (Е.Е.Тажібаев) және факультет деканы оған баратын маман жоқ, С.У.Жауымбаев жаңадан келген, үш жыл отработка жасасын деп шешіп қояды. Соны естіген соң, Е.А.Бөкетовтың экспедиция аяқталған соң маған кел дегенін есіне алып, ол кісінің қабылдауына барады. Сағындықты көріп «ей батыр, келіп қалдың ба» дегенде, ол еркінсіп «иә сізбен ақылдасуға келдім» деп жауап береді. Ректор күліп «жүр ендеше, ақылдасайық» деп оны кабинетіне кіргізді. Сол сәттерді қазір ойласақ жаны жайсаң, ұлы ғалымның

қарапайымдығына таң қаламыз. Оның сол «батыр деген жылы сөзін мен қырық жыл бойы өз студент – шәкірттерімен сөйлескенде оларға менде батыр қалайсындар?» деп айтып келетіндігін еске алады Сағындық. Өйткені бұл ұлы ғалым, академик Е.А.Бөкетовтың жастарға күш, сенімділік беретін қасиетті сөзі ғой. Сонымен ол кісіге аспирантураға барам деген ойын және ғылым Академиясының археология, этнология институтынан шақыру келгендігі туралы хабарды айтады. Евней Арыстанұлы хатшы қызды шақырып, сол кездегі ғылым ғылым жұмысының проректоры, аспирантура бөлімін басқаратын А.Н.Нарешовты философия кафедрасының меңгерушісі Р.А.Клещеваны шақыртты. Олар келгенде «Сіздер неге ҚазССР ғылым академиясының сұраныс хатына, археология мамандығы бойынша аспирантураға жіберетін жас маман жоқ деп жауап бердіңдер? Мына Сағындық – сол аспирантураға барады. Қазір университетте философиядан кандидаттық минимум тапсыру емтиханы өтіп жатыр. Раиса Ахметовна С.У.Жауымбаевты сол емтиханға кіргізіңіздер. Айтпай Нарешевич оның аспирантураға керек құжаттарын дайындап жіберіңдер» дейді. Ал, Сағындыққа «сен Алматыға кетерде маған келіп кет, сенен бір хат беріп жіберемін» деп, барлығымызды шығарып салды. Сол кезде А.Н.Нарешев «сенің Е.А.Бөкетовке туыстығың бар ма?» деп сұрайды. Сағындық ол кісіге, «ағай – ау қандай туыстық мен Ақтөбе облысының тумасымын, ал бұл кісі академик, ректор ғой» деп жауап береді. Айтпай аға, оған қарап тұрып «е...е, сен маған туыс екенсің ғой...» деп бұрылып жүріп кетеді. Түк түсінбей аңырып, тұрып қалған жас маманның өмірінде сол сәттен бастап, жаңа белес басталды.

Факультетке Ректордың алдында болған әңгіме толық жетеді. Факультет басшылары Сағындықпен көңілсіздеу сөйлесіп «аспирантуға сені жіберетін болдық» дейді. Жанталасып, дайындылып жүріп философиядан кандидаттық минимумды «4» - ке тапсырған Сағындық, Алматыға аспирантураға кететін болады. Кетер алдында, Е.А.Бөкетовке өзі келерсің деп айтқанын орындап, ол кісінің қабылдауына барады. Сол жолы Е.А.Бөкетов екі хат беріпті, біреуі академик Ә.Х.Марғұланға, екінші академик А.Бектұровқа. Ал «батыр жолың болсын, мына хатты Ә.Х.Марғұланға бер, хатта осы жігітке ғылыми жетекші бол деп жаздым» дейді. Кейіннен білдік екі ғұлама жақсы силасатын, бір – бірін кереметтей қадірлейтін достар екен. Сағындық хатты Ә.Х.Марғұланға апарып береді. Ғалым атамыз хатты оқып болған соң, «иә, шырақ (Ә.Х.Марғұлан үнемі осылай дейтін) Е.А.Бөкетовтей ғалым сирек қой, химияны былай қойғанда, ол тарихты, әдебиетті орыс классикалық әдебиетін өте жақсы білетін адам, ол нағыз академик, енді, шырақ менің бір арманым – Орталық Қазақстанның кен металлургиясын зерттеу еді, сен осы тақырыпты зертте» деп Сағындыққа тапсырма береді. Сонымен, болашақ аспирант С.У.Жауымбаев шет тілінен емтихан тапсырып, оқуға түсіп Ә.Х.Марғұланның аспиранты болады. Үш жыл аспирантурада оқып, диссертацияны аяқтап қалған кезде, Ә.Х.Марғұлан бір күні Сағындыққа «шырақ сен менімен бірге Новосибирскіге командировкаға барасың» дейді. «Новосибирскідегі (академ-қалашығында) үлкен ғалым-археолог Я.И.Сунчугашев Хакасия археологиясына байланысты докторлық диссертация қорғайды. Ол ғалым керемет ғажап дүниелерді жинады, сол туралы есту саған өте қажет. Новосибирск ғалымдарымен сені таныстырайын», дегенде Сағындықтың қуанышында шек болмайды. Өйткені ол Я.И.Сунчугашевтің Хакасия көне металлургиясымен айналысатынын білетін және қорғайтын күнге жететін болса, сол кісіні бірінші оппонент деген үміті болыпты. Сол арманға жетуді Әлкей Хақанұлы бастап береді.

Сонымен олар Новосибирскіге барады. Әлкей Хақанұлы Сунчугашевтың диссертациясының негізгі оппоненті болып диссертациясының құндылығын айтып сөз сөйледі. Осы сапарда академик Марғұлан Сағындықты «шәкіртім» деп Сібірдің атакты ғалым корифейлері – А.П.Окладников, Я.И.Сунчугашев, А.И.Мартынов т.б. ғалымдармен таныстырады. Бұл кездесудің өтуіде Евней Арыстанұлының арқасы деп білеміз.

Аспирантураны бітіріп университетке оралғаннан кейін, ғылым жолындағы жұмыстарының барысында Сағындық Е.А.Бөкетовпен екінші рет кездеседі. Диссертацияға байланысты оған археологиялық экспедиция барысында табылған металл рудаларының құрамын анықтау үшін химиялық сараптама керек еді. Оны Алматыда аспирантурада оқып жүргенде жасау үшін, елеулі қаржы керек болатын. Ал аспиранттың қаржысы ондай сараптама жасауға жетпейтін еді. Соған киналып жүрген уақытта, университетте Е.А.Бөкетовтың кезекті есепті баяндамасына арналған жиналыс өтеді. Сол жиналысқа барған кезінде, ол кісі Сағындықты көріп қалып, «ой, батыр, сен келіп қалыпсың ғой, аспирантура бітті ме, қорғадың ба?» деп сұрайды. Сағындықтың айтуынша ол қатты қысылып, ұялып қалады. Өйткені аспирантураға түскен соң, Ә.Х. Марғұланға барғанын, оның жазған хатын тапсырғандығын айтып және соның аспиранты болып оқуға түскені туралы бір хабар бермегендігінің дұрыс болмағандығын ойлап ыңғайсызданады. Сонда да болса, «иә аға, мен аспирантураны бітірдім, ал қорғауға біраз кедергілер болып тұр» дейді. Сонда Е.А.Бөкетовтың «ол не кедергі?» деген сұрағына, химиялық сараптама жасайтын мүмкіндік таба алмай жүргендігін айтады.

«Ой! олда сөзбе екен менің атымнан химико-металлургиялық институтқа (ХМИ) барып, В.Шкодин, Н.С.Бектұрғанов деген жігіттерге жолығып бәрін түсіндір, тез қорға» деп бұрылып кете барды.

Ұлы адамның бұндай жастарға деген қамқорлығын біз содан кейін көрмеген шығармыз деп ойлаймын. Оған сол ХМИ-тың ғалымдары Е.А.Бөкетовтың шәкірттері В.Шкодин, Н.Бектурғанов, В.П.Малышев т.б. диссертацияның ең құнды жерін анықтайтын рудалардың химиялық сараптамасын жасап береді. Бұл оның диссертациясының толық аяқталуына мүмкіндік жасайды. Сонымен, Сағындық кандидаттық диссертацияны Е.А.Бөкетовтың ең жақын досы, академик Ә.Х.Марғұлан таныстырған Сібір ғалымдарының ортасында, Кемерово Мемлекеттік университетінің археология ғылыми кеңесінде қорғайды. Ол ғылымдағы, өмір жолында екі академик, ғұлама ғалымдардың шапағатының арқасында ғылыми жетістіктерге жетті.

Қорыта айтқанда, Е.А.Бөкетов ХХ ғасырдың 70 – 80-ші жылдары басшы ретіндегі әділдігін, жақсылығын, әкелік қамқорлығын біздер сияқты көптеген жас мамандар көрді. Ол Алаштың нағыз азаматы болған еді.

Сағындық: «екі ұлы ғұлама ғалым, екі академиктің маған қарап, бірі ой, батыр!, екіншісі шырақ деген сөздерін естіп жүріп ғылымға келгенімді, және екеуінің ақ батасын алып ұстаз ғалым – болғанымды Алланың сыйы деп қабылдадым. Академик Е.А.Бөкетовтен ғылым деген үлкен өмірге жолдама алып, академик Ә.Х.Марғұланның соңғы аспиранты болу бақты екіншісі біріне бұйырса, ол маған бұйырған екен. Осы екі ұлы ғұламалардың алдында тірісінде басымды иген едім, енді бірінің 90 жылдығы, екіншісінің 110 жылдық мерейтойында да олардың аруағының алдында басымды иемін».

Бүгінде біз дананың дархандығын бойына дарытқан, Алыпқаш батырдың ұрпағы, ұлы ғалым Е.А.Бөкетовтың қамқорлығымен басымызға баспана алып, қазақ елінің ғылым деп аталатын ұлы көшіне ілесіп, ғалым, профессор атанып, «университетке еңбегі сіңген қызметкер» атағын алып Е.А.Бөкетов атымен аталатын қасиетті қара шаңырақта 40 жыл жас ұрпаққа білім мен тәрбие беріп жүргенімізге мақтанамыз!

НЕРУКОТВОРНЫЙ ПАМЯТНИК Е.А. БУКЕТОВУ

Бралина С.Ж., к.ф.н., профессор
кафедры классической и русской филологии
Карагандинский государственный университет им. академика Е.А. Букетова
г. Караганда, Республика Казахстан

Март – прекрасный месяц! Первый месяц весны, пробуждения и обновления всего сущего на Земле, живого, яркого и разнообразного мира. Март – это Наурыз, делающий всех нас, детей природы, чище, лучше и счастливее. Месяц надежд, месяц перемен...

Наверное, не, случайно, что именно в этот месяц, 23 марта родился Евней Арстанович Букетов – выдающийся ученый, доктор технических наук, академик, лауреат Государственной премии СССР, основатель и первый ректор Карагандинского государственного университета.

Трагическая, но светлая судьба этого человека, воплотившего своей жизнью ломоносовский тип ученого (от простого аульного мальчугана до академика) и в то же время ставшего заложником административно-партийной системы времен застоя, известна сегодня многим людям... Имя его на слуху, оно звучит в названии Карагандинского государственного университета, оно знакомо даже тем, кто, возможно, до сих не прочитал ни одной строчки его трудов... И это тоже не случайно...

Вот уже более двадцати лет, как рухнула стена молчания вокруг имени Е.А. Букетова, справедливость, пусть поздно, но восторжествовала, труды ученого возвращены людям и по достоинству оценены специалистами и читателями. Сегодня об Евнее Арстановиче Букетове написаны сотни статей, воспоминаний, изданы научные сборники, фундаментальные монографии, защищены диссертации.

Во многом появлению этого письменного наследия способствовал незабвенный Камзабай Арстанович Букетов, занимавшийся архивами Евнея Арстановича, по крупицам собиравший все материалы о нем, исходивший десятки километров по официальным кабинетам, обращавшийся ко всем людям – близким и далеким, ко всем, кому дорога была память о его любимом старшем брате... Этот поистине гражданский подвиг Камзабая Арстановича по увековечению памяти родного брата совершался на наших глазах.